




**ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ
БЕРУДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ
2025-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОЛ
КАРТАСЫН**

**ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**

20
25

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

- 01 — ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ
- 02 — ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ
- 03 — БИЗНЕС ПЕН ТЖКБ ЖҮЙЕСІ АРАСЫНДАҒЫ
СИНЕРГИЯНЫҢ ЖАҢА ВЕКТОРЛАРЫ
- 04 — ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АПГРЕЙД
- 05 — ТЖКБ ЖҮЙЕСІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫ
- 06 — ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫН ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ
- 07 — НОРМАТИВТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ



Орындалды

(2025 ж. кезең)



32 іс-шара



Іске асырылу кезеңінде

(2025 ж. кезең орындалды)



39 іс-шара



2025

ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ



1-ҚАДАМ. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНДА КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЕНГІЗУ



1.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕНГІЗІЛЕТІН ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АНЫҚТАУ

- Ұлттық корпоративтік басқару академиясымен ынтымақтастықтың форматы талқыланды
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды



1.2. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНДА КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН РЕГЛАМЕНТТЕУ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

- өзгерістер енгізуді талап ететін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі әзірленді



1.3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ МОДЕЛІН ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН АЙНАЛЫСАТЫН МАМАНДАРДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ


- Тәуелсіз кеңес мүшелерін оқытуға арналған «ТжКБ ұйымдарындағы корпоративтік басқару» ББ және ОӘК жобасы әзірленді

2-ҚАДАМ. ЖАҢА ГЕНЕРАЦИЯДАҒЫ БАСШЫЛАРДЫҢ ПУЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ КРІ ЕНГІЗУ



2.5. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ ҮШІН КРІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ

- ТжКБ ұйымдары басшылары үшін КРІ әзірлеу бойынша зерттеу жүргізілді
- ТжКБ ұйымдары басшылары үшін КРІ әзірлеу жөніндегі ұсынымдар жобасы әзірленді



3-ҚАДАМ. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІН ӨРТАРАПТАНДЫРУ



3.1. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНДА САРАЛАНҒАН ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ЕНГІЗУ

- ТЖКБ ұйымдары үшін сараланған жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесінің жобасы әзірленді



3.2. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨЗ КІРІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

- колледждердің кәсіпкерлік қызметін (шағын бизнес, өндірістік кооперация) заңдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына өзгерістер енгізу туралы тұжырымдамалық ұсыныс әзірленді

4-ҚАДАМ. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫН 4 ЛИГАҒА САРАЛАУ



4.1. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ РЕЙТИНГТІК КӨРСЕТКІШТЕРІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІН ӘЗІРЛЕУ

- бұйрық жобалары әзірленіп, НҚА-ны жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының отырысында қаралды:

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қызмет нәтижелерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау әдістемесін бекіту туралы»
2. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын ранжирлеу қағидаларын бекіту туралы»



- жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы әзірленді



4.2. РЕЙТИНГТІК КӨРСЕТКІШТЕР АРҚЫЛЫ ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ 4 ЛИГАҒА БӨЛУ

- «Колледждерді ранжирлеу» ақпараттық жүйесі (АЖ) әзірленді

Ескерту: ТЖКБ ұйымдарының қызметін бағалау жүргізу туралы шешім уәкілетті органның құзыретіне жатады



ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ



5-ҚАДАМ. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ (ББ) ЖӘНЕ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПОРТФЕЛІН ӘЗІРЛЕУ



5.1. ҰЛТТЫҚ ПОРТФЕЛЬГЕ ЕНГІЗУ ҮШІН ҮЗДІК ББ ІРІКТЕУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ

- Ұлттық портфельге енгізу үшін үздік білім беру бағдарламаларын іріктеу критерийлері әзірленді (РОӘК-те қаралып, бекітілді, 30.06.2025 ж. №3 хаттама)
- «Talap» КеАҚ Президентінің бұйрығымен ТжКБ мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын Ұлттық портфельге енгізу үшін іріктеу тәртібі мен критерийлері бекітілді
- ТжКБ жоғары біліммен сабақтастығын қамтамасыз ету үшін оқыту нәтижелерін тану механизмі бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, РОӘК-те бекітілді (29.12.2025 ж. №5 хаттама)



5.2. ҰЛТТЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨЗЕКТЕНДІРУ

- Ұлттық портфельдің интерфейсі ТжКБ ББ тізілімі ақпараттық жүйесінде қосымша бет (вкладка) ретінде әзірленді
- Білім беру бағдарламаларын Ұлттық портфельге енгізу үшін іріктеуге қатысуға 26 колледжден өтінімдер қабылданды
- Шектік балл жиналмауына байланысты Ұлттық портфельге бірде-бір білім беру бағдарламасы енгізілген жоқ



5.3. ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ӘЗІРЛЕУ

- Оқу құралдарының атауларының тізбесі әзірленді
- Тізбе 101 мамандық бойынша 149 оқу құралының атауын қамтиды

6-ҚАДАМ. ББ ӘЗІРЛЕУ ПРОЦЕСІН ДАМУ



6.1. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫ ҮШІН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕРДІҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗЕКТЕНДІРУ

- ТЖКБ ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклі немесе модулі бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын өзектендіру (әзірлеу) жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленді (РОӘК-те қаралып, бекітілді, 10.06.2025 ж. №2 хаттама)

Ескерту: үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша жұмыстарды іске асыру үшін қаржыландыру қажет. Қаржыландыру мәселесі бойынша шешім қабылдау уәкілетті органның құзыретіне жатады.



6.2. ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ МОДУЛЬДЕРДІҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ

- жалпы міндетті модульдердің үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың жобасы әзірленді

Ескерту: «Жалпы міндетті модульдер» санаты қазіргі уақытта нормативтік құқықтық актілерде бекітілмеген, бұл үлгілік оқу бағдарламаларын келісу және бекіту үдерісін қиындатады. Нормативтік анықтаманы бекіту уәкілетті органның құзыретіне жатады.



6.3. КӘСІПТІК СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕС БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК МОДУЛЬДЕРДІҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ

- «ББ конструкторы» ақпараттық жүйесін құру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленді

- кәсіптік стандарттарға сәйкес базалық және кәсіби модульдер бойынша оқу нәтижелері каталогын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың жобасы әзірленді



6.4. «ББ КОНСТРУКТОРЫ» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ

- «ББ конструкторы» ақпараттық жүйесі бойынша техникалық тапсырма әзірленді

7-ҚАДАМ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІПТІК ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ САЛАЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА (СТАНДАРТТАРҒА) СӘЙКЕСТІГІН БАҒАЛАУ



7.1. ТЖКБ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЛАЛЫҚ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ КӘСІПТІК ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІГІН БАҒАЛАУ РӘСІМІНЕН ӨТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ НОРМАЛАРДЫ ЕНГІЗУ БОЙЫНША «БІЛІМ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар жобасы әзірленіп, НҚА-ны жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының отырысында қаралды



7.3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «БІЛІМ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЖОБАСЫ ӘЗІРЛЕНІП, НҚА-НЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫНДА ҚАРАЛДЫ

- ТЖКБ білім беру бағдарламаларының халықаралық салалық және/немесе кәсіптік талаптарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асыратын ұйымдар тізбесіне енгізу үшін шетелдік кәсіби қауымдастықтарды және (немесе) олардың ресми өкілдерін іріктеу қағидаларының, сондай-ақ мұндай ұйымдарды аталған тізбеден алып тастау тетігінің жобасы әзірленіп, жұмыс тобының отырысында қаралды



7.6. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЛАЛЫҚ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ КӘСІПТІК ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІГІН БАҒАЛАУ РӘСІМІНЕН ӨТУ

- ТЖКБ білім беру бағдарламаларының халықаралық салалық және/немесе кәсіптік талаптарға сәйкестігін бағалау рәсімінен 11 колледж өтті, 4 колледж үдеріс барысында, 3 колледж бағалау рәсімінен өтуді жоспарлауда

8-ҚАДАМ. ЕЛ ІШІНДЕ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫ ДАМУ



8.1. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ПЕДАГОГТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ

- ТЖКБ ұйымдарында білім алушылар мен педагогтердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру қағидалары бекітілді



8.2. ПЕДАГОГТЕР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ЕНГІЗУ

- Халықаралық әріптестік және білім алушылар мен педагогтердің академиялық ұтқырлығы Қазақстанның 10 колледжінде іске асырылды, 10 ынтымақтастық елінен 11 шетелдік серіктестің қатысуымен (150-ден астам студент)



8.3. ПЕДАГОГТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- Арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің 491-і шетелдік тағылымдамадан өтті

БИЗНЕС ПЕН ТЖКБ ЖҮЙЕСІ АРАСЫНДАҒЫ СИНЕРГИЯНЫҢ ЖАҢА ВЕКТОРЛАРЫ



9-ҚАДАМ. WORLDSKILLS KAZAKHSTAN ҰЛТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТІЗБЕСІН КЕҢЕЙТУ



9.1. WORLDSKILLS KAZAKHSTAN ҰЛТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ

- WorldSkills Kazakhstan ұлттық құзыреттер орталығы қызметінің тұжырымдамасы жобасы әзірленді



9.2. АСТАНА ҚАЛАСЫНДА WORLDSKILLS KAZAKHSTAN ҰЛТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ОРНАЛАСАТЫН ЖЕРІН АНЫҚТАУ

- WorldSkills Kazakhstan ұлттық құзыреттер орталығының орналасу орны болып Ақмола облысы Қосшы қаласы айқындалды



9.3. WORLDSKILLS KAZAKHSTAN ҰЛТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ДАЙЫНДАУ

- WorldSkills Kazakhstan ұлттық құзыреттер орталығын құру және оның жұмыс істеуі үшін қаржылық есептеулер дайындалды
- Ақмола облысы әкімдігі тарапынан жол картасының жобасы дайындалды



9.4. САЛАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ ПОЛИГОНДАРЫ МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОҚЫТУ ОРТАЛЫҚТАРЫН ЖАРАҚТАНДЫРУ

- Республикалық WorldSkills чемпионаты құзыреттерінің тізбесін 30-дан 45-ке дейін кеңейту шеңберінде әлеуметтік серіктестердің оқу орталықтары инновациялық жабдықтармен жабдықталды
- TurkicSkills чемпионатына дайындық шеңберінде IT құзыреттері бойынша Талдықорған жоғары политехникалық колледжі базасында оқу-жаттығу лагері жабдықталды



9.6. WORLDSKILLS ҰЛТТЫҚ САРАПШЫЛАРЫН ОҚЫТУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

- WorldSkills ұлттық сарапшыларын даярлау үшін білім беру бағдарламасы әзірленді
- 510 педагог оқудан өтіп, WorldSkills ұлттық сарапшысы сертификаттарын алды



9.7. ШЕТЕЛДІК ҰЙЫМДАРДА WORLDSKILLS ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ САРАПШЫЛАРЫ МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДАМАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- студенттер мен сарапшылар Skill Industrial Design Technology International Invitational Competition (ҚХР, Шэньчжэнь қ.) халықаралық байқауына қатысып, команда 1-орын алды
- студенттер мен сарапшылар RTV International Training Camp (ҚХР, Чанчунь қ.) аясында шетелдік тағылымдамадан өтті



9.8. WORLDSKILLS KAZAKHSTAN РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТЕР ТІЗБЕСІН КЕҢЕЙТУ

- Республикалық WorldSkills чемпионаты шеңберінде 45 құзырет бойынша жарыстар өткізілді, оның ішінде 30-ы республикалық бюджет есебінен, 15-і серіктестердің қаражаты есебінен қаржыландырылды

10-ҚАДАМ. ӨҢІРЛІК ІТ-ОРТАЛЫҚТАР МЕН FAB LAB ЗЕРТХАНАЛАРЫН ДАМУ



10.1. ӨҢІРЛЕРДІҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ІТ-ОРТАЛЫҚТАР МЕН FAB LAB ЗЕРТХАНАЛАРЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ

- өңірлердің қажеттіліктеріне талдау жүргізіліп, ІТ-орталықтар мен Fab Lab зертханаларының тұжырымдамасы әзірленді



10.2. ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН ЖАБДЫҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ

- инфрақұрылым мен жабдықтарға қойылатын талаптар әзірленді



10.3. СЕРІКТЕСТЕРДІ ІЗДЕУ ЖӘНЕ БИЗНЕСПЕН ЖӘНЕ ІТ-КОМПАНИЯЛАРМЕН ШАРТТАР ЖАСАУ

- әріптестік орнату бойынша жұмыстар жүргізіліп, 3 компаниямен (Dahua, TP-Li...) ынтымақтастық туралы шарттарға қол қойылды (Alem School)



10.4. ӨҢІРЛІК ІТ-ОРТАЛЫҚТАР МЕН FAB LAB ЗЕРТХАНАЛАРЫН ЖАРАҚТАНДЫРУ

- Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде Fab-Lab зертханасы ашылды
- колледждер базасында 2 оқу-жаттығу-сертификаттау орталығы (тану орталығы) ашылды
- «Talap» КеАҚ пен «Alem School» КеАҚ бірлесіп кураторлар мен студенттерді оқыту үшін онлайн платформаны ұсыну мақсатында 5 ТЖКБ ұйымын айқындады

11-ҚАДАМ. ӨҢІРЛІК БІЛІМ БЕРУ-ӨНДІРІСТІК КЛАСТЕРЛЕР ҚҰРУ



11.1. КАДРЛАРҒА ҚАЖЕТТІЛІКТІҢ ӨҢІРЛІК КАРТАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ

- 19 өңірде жаңа кәсіптер мен құзыреттердің өңірлік атластары, 10 салалық жаңа кәсіптер атласы және мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын кәсіптер атласы әзірленді



11.2. КАДРЛАРҒА ЕЛДІК ӨҢІРЛІК ҚАЖЕТТІЛІКТІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫН БЕЙІНДЕУ

- бүгінгі күні бейіндендіру бойынша іс-шаралар Қарағанды, Жамбыл, Қостанай облыстарында, сондай-ақ Абай және Ұлытау облыстарында өткізілді



11.3. ҚР ӨҢІРЛЕРІНДЕ ӨҢІРЛІК БІЛІМ БЕРУ-ӨНДІРІСТІК КЛАСТЕРІН ҚҰРУ

- өңірлік білім беру-өндірістік кластерлерді құру жөніндегі ұсынымдар жобасы әзірленді
– өңірлерде өңірлік ерекшеліктер мен салалық қажеттіліктерді ескере отырып, білім беру-өндірістік кластерлерді құру бойынша жұмыстар басталды



11.4. БІЛІКТІЛІКТІ ТАЛУ ОРТАЛЫҚТАРЫН АШУ

- Ұлттық біліктілік жүйесінің «Enbek» бірыңғай цифрлық платформасы базасында 9 біліктілікті тану орталығы жұмыс істейді



11.5. СҰРАНЫСҚА ИЕ РЕТТЕЛМЕЙТІН КӘСІП БОЙЫНША ТҮЛЕКТЕРДІ СЕРТИФИКАТТАУ

- 15 студент Certipoint стандарттары бойынша түлектердің халықаралық сертификаттауынан өтті

12-ҚАДАМ. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫ БАЗАСЫНДА «ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАРДЫ» ЖӘНЕ «BUSINESS STARTUP» СТУДЕНТТІК ОРТАЛЫҚТАРЫН ДАМУ

12.1. ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫ БАЗАСЫНДА «ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАР» ЖҰМЫС ІСТЕУІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 «Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» қаулысына толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындалды

12.2. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫ БАЗАСЫНДА «ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАР» ҚҰРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ АЛГОРИТМІН ӘЗІРЛЕУ

- ТЖКБ ұйымдары базасында «шағын кәсіпорындардың» жұмыс істеуі және практикалық әрі әдіснамалық көмек көрсету жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленді
- Әдістемелік ұсынымдар РОӘБ-те қаралып, бекітілді (10.06.2025 ж. №2 хаттама)

12.3. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫ БАЗАСЫНДА ЖАҢА «ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАРДЫ» ІСКЕ ҚОСУ

- 45 ТЖКБ ұйымы базасында 79 «шағын кәсіпорын» жұмыс істеуде

12.4. ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ӨНІМДЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 «Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» қаулысына толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындалды
- ТЖКБ ұйымдары базасындағы «шағын кәсіпорындардың» табыстылығы бойынша ақпарат жинау және талдау жүргізілді

12.5 ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫ БАЗАСЫНДА «BUSINESS STARTUP» СТУДЕНТТІК ОРТАЛЫҚТАРЫН ДАМУ

- «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» оқу-әдістемелік кешені әзірленді
- Парламентаризм институтымен әріптестік орнатылды
- қазіргі уақытта елде 64 ТЖКБ ұйымы базасында 74 «Business startup» орталығы жұмыс істеуде

12.6. «МЕН КӘСІПКЕРМІН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГРАНД-ТУРНИРІН ӨТКІЗУ

- турнир Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Тәжікстан және Ресей Федерациясынан келген халықаралық қазылар алқасы мен жастар командаларының қатысуымен өтті
- Республикалық Гранд-тур қорытындысы бойынша еліміздің 20 өңірінен 72 жоба (137 қатысушы) анықталды

13-ҚАДАМ. БИЗНЕС-ҚҰРЫЛЫМДАР МЕН ИНВЕСТИТОРЛАРДЫҢ ҚАТЫСУ РӨЛІН АРТТЫРА ОТЫРЫП, ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ, МАҚСАТТЫ ТАПСЫРЫСТЫ, ӘРІПТЕСТІК ПЕН ҚАМҚОРЛЫҚТЫ ДАМУ



13.1. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ШЕҢБЕРІНДЕ ДАЯРЛАУДЫ ТАЛАП ЕТЕТІН МАМАНДЫҚТАР (БІЛІКТІЛІКТЕР) ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ

- дуальды оқыту шеңберінде даярлауды талап ететін мамандықтар мен біліктіліктер тізбесінің жобасы әзірленіп, жұмыс тобының отырысында қаралды
- қалыптастырылған мамандықтар мен біліктіліктер тізбесі одан әрі бекіту үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігіне жолданды



13.2. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУҒА ҚАТЫСАТЫН КӘСІПОРЫНДАРДЫ ІРІКТЕУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫН ӘЗІРЛЕУ

- «ТЖКБ ұйымдарында білім алушыларды дуальды оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын кәсіпорындарды іріктеу» қағидаларының жобасы әзірленіп, нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының отырысында қаралды
- Қағидалар жобасы одан әрі қарау және бекіту үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігіне жолданды



13.3. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУМЕН ҚАМТУДЫ КЕҢЕЙТУ

- 4151 кәсіпорын 613 ТЖКБ ұйымына шефтік қамқорлық жасауда
- 1194 кәсіпорын Қамқоршылық кеңестердің құрамына, 2151 кәсіпорын Индустриялық кеңестердің құрамына кіреді
- 61 344 студент теорияны кәсіпорындардағы нақты жұмыспен ұштастыра отырып, дуальды оқытуға қатысуда
- 24 711 студент экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес мақсатты даярлауды қамтамасыз ете отырып, дуальды оқыту форматын қоса алғанда, мемлекеттік мақсатты тапсырыс бойынша білім алуда
- 133 622 студент озық өндірістерде тәжірибе жинақтай отырып, өндірістік практикадан өтті



13.4. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДА ТӘЛІМГЕРЛІК ИНСТИТУТЫН ДАМУ

- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларды дуальды оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын кәсіпорындарды іріктеу қағидалары» әзірленді
- Дуальды оқытуды, мақсатты тапсырысты және әріптестікті дамыту мақсатында ТЖКБ ұйымдары мен кәсіпорындар арасындағы келісімдерді жасасуды жеңілдету үшін меморандумның үлгілік жобасы әзірленді
- «Атамекен» ҰКП тарапынан өндірістегі тәлімгерлерді тұрақты оқыту жүргізілуде (2025 жылы 455 адам оқытылды)



13.5. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГІЛЕУ ПРОЦЕСІН АВТОМАТТАНДЫРУ

- «Атамекен» ҰКП дуальды оқыту шарттарының тізілімін жүргізеді
- Дуальды оқыту шарттарының тізілімін толық цифрлық интеграциялау жоспарлануда



13.6. КӨЛІК САЛАСЫ ҮШІН («САРЫАРҚА АВТОПРОМ» ЖШС (ҚОСТАНАЙ Қ.) ЖӘНЕ ЭРФУРТ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ (EBZ, ГЕРМАНИЯ) МЫСАЛЫНДА) ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫН АШУ

- Халықаралық дуальды оқыту орталығы Қостанай қаласындағы «СарыарқаАвтопром» ЖШС базасында Эрфурт білім беру орталығымен (EBZ, Германия) ынтымақтастықта жұмыс істеуде

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АПГРЕЙД



14-ҚАДАМ. ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ӨСУІ МЕН МАНСАПТЫҚ ДАМУЫН ҚОЛДАУ

14.1. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ



- Оқу-ағарту министрлігінің сайтында «Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбесі» орналастырылған
- 2025 жылға арналған тізбе 25-тен астам ұйымды қамтиды

14.2. ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ



- 2025 жылы 17 біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы әзірленіп, бекітілді
- педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары 7 бейін бойынша әзірленіп, бекітілді

14.3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТЫРУДЫҢ ВАУЧЕРЛЕРЛІК-МОДУЛЬДІК ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕТІГІН ӘЗІРЛЕУ



- егжей-тегжейлі зерттеу және кейінгі талдау жүргізу үшін алдын ала шолу жүргізілді

14.5. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫ, ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАР МЕН ІРІ КӘСІПОРЫНДАР БАЗАСЫНДА ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ



- ТжКБ ұйымдары, құзыреттілік орталықтары және ірі кәсіпорындар базасында 14 білім беру бағдарламасы бойынша 5770 тыңдаушыға біліктілікті арттыру курстары өткізілді

14.6. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ



- педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру үшін LMS-жүйе ретінде жұмыс істейтін «ТЖКБ бірыңғай SMART-платформасының» модулі әзірленді
- педагогтердің кәсіби дамуын қадағалауға арналған (Digital-портфолио) модулін әзірлеу бойынша техникалық тапсырманың жобасы дайындалды

14.7. АРНАЙЫ ПӘНДЕР ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРЛЕРІ ҮШІН АТТЕСТАТТАУ РӘСІМІНІҢ ФОРМАТЫН ҚАЙТА ҚАРАУ (САРАЛАНҒАН ТӘСІЛ)




- арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін аттестаттау рәсімінің сараланған форматының жобасы әзірленді
- жоба одан әрі қарау үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігіне жолданды

14.8 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАУ ҮШІН ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІ ҰСЫНАТЫН БАСЫЛЫМДАР ТІЗБЕСІНЕ ЕНГІЗЕ ОТЫРЫП, ТЖКБ -НЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫН ШЫҒАРУ



- журналдың тұжырымдамасы, құрылымы және тақырыптық мазмұны әзірленді
- «KASIP TIMES» ғылыми-әдістемелік журналының пилоттық нөмірі шығарылды
- қазіргі уақытта ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің жауабына сәйкес, басылымдар тізбесіне енгізілетін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптар қарастырылуда

ТЖКБ ЖҮЙЕСІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫ



16-ҚАДАМ. ТЖКБ-НЫҢ БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫН ҚҰРУ (SMART ТЖКБ)



16.1. БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАНЫ ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАНЫ ӘЗІРЛЕУ

- бірыңғай цифрлық платформаны әзірлеу бойынша техникалық тапсырма әзірленді




16.2. БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАНЫҢ МОДУЛЬДЕРІН ӘЗІРЛЕУ

- платформаның интерфейс дизайнын әзірлеу аяқталды
- модульдер әзірленді:
 - LMS-жүйе – біліктілікті арттырудың қашықтан оқыту курстары
 - Білім беру бағдарламаларының тізілімі
 - ТжКБ картасы
 - ТжКБ ұйымдарының ТОП-100 студенті
 - Колледждерді ранжирлеу
- бірыңғай кіру терезесінің басты бетінің версткасы жүзеге асырылуда



16.3. ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЭТАЛОНДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

- Байтұрсынұлы атындағы Білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығымен ТжКБ бірыңғай цифрлық платформасымен ҰБДБ-ны интеграциялау мүмкіндігі бойынша келіссөздер жүргізілді
- өзара іс-қимылды және деректер алмасуды жақсарту мақсатында аталған жүйелерді интеграциялау бойынша жұмыстар жалғасуда



ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫН ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУУ



17-ҚАДАМ. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫН ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ ТЕТІГІН ӨЗІРЛЕУ



17.1. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ДЕНГЕЙІН ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ ДАЙЫНДЫҒЫН БАҒАЛАУ

- ТЖКБ ұйымдарының халықаралық қызметке ағымдағы дайындық деңгейіне талдау жүргізілді
- 12 негізгі саланың тізбесі жасалды



17.2. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫН ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ ТЕТІГІН ӨЗІРЛЕУ

- ТЖКБ ұйымдарын интернационалдандыру бойынша іс-қимыл алгоритмі әзірленді
- ынтымақтастық модельдері айқындалды
- ТЖКБ ұйымдарын интернационалдандыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілді

18-ҚАДАМ. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫМЕН/ КӘСІПОРЫНДАРМЕН ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ



18.1. КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ҮШІН ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫ МЕН ӘЛЕУЕТТІ ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕРДІ (БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ, КӘСІПОРЫНДАР) АНЫҚТАУ

- интернационалдандыру үдерісіне қатысу үшін ең жоғары әлеуетке ие ТЖКБ ұйымдары айқындалды
- ҚР-ның 30-дан астам ТЖКБ ұйымын және 40-тан астам шетелдік серіктесті қамтитын тізбе қалыптастырылды, қазіргі уақытта меморандумдар жасалуда



18.2. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫМЕН ЖӘНЕ КӘСІПОРЫНДАРМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН ӨЗІРЛЕУ

- мақсаттарды, міндеттерді және іске асыру кезеңдерін қамтитын интернационалдандыру тұжырымдамасы әзірленді
- қазіргі уақытта ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалуда



18.3. ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫМЕН ЖӘНЕ КӘСІПОРЫНДАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ МЕН ӘРІПТЕСТІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- шетелдік серіктестермен ынтымақтастық және меморандумдар жасасу бойынша келіссөздер жүргізілуде
- 2025 жылы барлығы 170 меморандум жасалды
- оқу-жаттығу орталықтарын ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде



18.4. ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНЕ ЖАУАП БЕРЕТІН СҰРАНЫСҚА ИЕ КӘСІПТЕР БОЙЫНША МАМАНДАР ДАЯРЛАУ ҮШІН ШЕТЕЛДІК КОЛЛЕДЖ ФИЛИАЛДАРЫН (МЕКТЕПТЕР, ШЕБЕРХАНАЛАР) АШУ БОЙЫНША ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

- Батыс Чунциннің «Өнеркәсіп – білім беру» интеграциясы институтымен шеберхана-филиалдарды ашу үшін құжаттар пакеті келісілді
- интернационалдандыру тұжырымдамасын әзірлеу

НОРМАТИВТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ





TALAP

19-ҚАДАМ. ТЖКБ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ



19.1. ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ҮШІН БІЛІМ БЕРУ, ҚҰҚЫҚТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ САРАПШЫЛАРДАН ЖӘНЕ ТЖКБ ӨКІЛДЕРІНЕН ЖҰМЫС ТОБЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

- ТжКБ жүйесін құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша талдау жүргізу және ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобының құрамы қалыптастырылып, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығымен бекітілді



19.2. ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТЖКБ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН ТАЛДАУ, ҚАЙТАЛАНАТЫН КЕМШІЛІКТЕРДІ, ӨЗАРА ҚАРАМА-ҚАЙШЫ НОРМАЛАРДЫ АНЫҚТАУ, СОНДАЙ-АҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПРАКТИКАЛАРМЕН САЛЫСТЫРУ

- нормативтік құқықтық актілерге ТжКБ жүйесінің қажеттіліктері мен талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді



19.3. ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ / ӘЗІРЛЕУ ҮШІН ҰСЫНЫСТАР ДАЙЫНДАУ

- Құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді



19.4. ТжКБ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ/ЖАҢАРТУ

- «ТжКБ ұйымдарында білім алушылар мен педагогтердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру қағидалары» бекітілді
- РОӘБ-те бекітілген әдістемелік ұсынымдар:
 - «Ұлттық портфельге енгізу үшін үздік білім беру бағдарламаларын іріктеу критерийлері»
 - «Жалпы білім беретін пәндер циклі/модулі бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын өзектендіру (әзірлеу)»
 - «ТжКБ ұйымдары базасында «шағын кәсіпорындардың» жұмыс істеуі»
 - «ТжКБ және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын интернационалдандыру»

20-ҚАДАМ. ТжКБ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУ



20.1. ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ҮШІН ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРДЫ, САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАРДЫ АНЫҚТАУ

- алдағы 3 жылға арналған басым бағыттар мен зерттеу тақырыптары айқындалды



20.2. ТжКБ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУ

- зерттеулер жүргізіліп, әдістемелік ұсынымдар мен аналитикалық есептер дайындалды:
 - 2-қадам «Жаңа генерациядағы басшылардың пулын қалыптастыру және KPI енгізу» (KPI енгізу)
 - 10-қадам «Өңірлік IT-орталықтар мен Fab Lab зертханаларын дамыту» (IT-орталықтар мен Fab Lab зертханаларының тұжырымдамасын әзірлеу)